

СОВМЕСТНО С ПРОЕКТНЫМ ОФИСОМ «АДАЛ ЖОЛ», КОТОРЫЙ БЫЛ ОТКРЫТ В 2018 ГОДУ В РАМКАХ СОГЛАШЕНИЯ МЕЖДУ АО «НК «ҚТЖ» И АГЕНТСТВОМ РК ПО ПРОТИВОДЕЙСТВИЮ КОРРУПЦИИ, РАЗРАБОТАНЫ ПЛАНЫ МЕРОПРИЯТИЙ ПО ПРЕДУПРЕЖДЕНИЮ И ПРОТИВОДЕЙСТВИЮ КОРРУПЦИИ В СФЕРЕ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОГО ТРАНСПОРТА. МЫ ИМЕЕМ ОЩУТИМЫЕ РЕЗУЛЬТАТЫ РАБОТЫ ПО ИСКОРЕНЕНИЮ КОРРУПЦИИ.

Ирина КАПАНОВА,
руководитель комплаенс-службы АО «НК «ҚТЖ»



№40 (2648)
04/06/2021

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА



ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКИЙ ПОТЕНЦИАЛ

Председатель Совета по управлению ФНБ «Самрук-Қазына» принял председателя правления АО «НК «Қазақстан темір жолы» Нурлана Сауранбаева.

В ходе встречи Первый Президент Казахстана отметил результаты инфраструктурного развития страны за годы независимости, подчеркнув достижения в сфере расширения сети железных дорог. – Мы много работали над реализацией инфраструктурных проектов. За эти годы было построено 2,5 тысячи километров железных дорог. Таким образом было обеспечено

развитие собственной железнодорожной сети, – сказал Елбасы. Нурсултан Назарбаев был проинформирован о предпринимаемых компанией мерах по реализации транспортно-логистического потенциала страны, увеличению экспортных и транзитных перевозок, повышению качества предоставляемых услуг.

С сайта www.elbasy.kz

ҚОСЫМША ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕДІ



«Жолаушылар тасымалы» АҚ тағы бір қосымша қызметті жолға қойып отыр. Ағымдағы жылдың 3 маусымынан бастап жолаушыларға ыңғайлы болуы үшін Шымкент станциясынан Сарыағаш курорттық аймағына дейін автобустармен трансфер ұйымдастыру бойынша қосымша қызмет көрсетілетін болады.

Ол үшін жолаушы Шымкент және Сарыағаш қалаларындағы автобусқа отыру кезінде жүргізушіге қағаз түріндегі немесе электрондық нұсқадағы теміржол билетін көрсетуі тиіс. «Жолаушылар тасымалы» АҚ логотипі бар автобустар Шымкент теміржол вокзалының тұрақ аймағында және Сарыағаш курорттық аймағында жолаушыларды күтетін болады. Жол жүру құны – бір бағытқа 1800 теңге. 7 жасқа дейінгі балаларға тегін.

Қосымша қызмет жолаушы маусымы жанданатын жаз мезгілінде еліміздің түкпір-түкпірінен курортты аймаққа ағылатын халық үшін тиімді екені сөзсіз. Сондықтан ол көпшіліктің көңілінен шығады деген сенім бар. Қандай да бір сұрақтар туындаған жағдайда жолаушылар «105» анықтама қызметіне хабарласуларына, ал қызметтер сапасы мәселелері бойынша бірыңғай тәулік бойы жұмыс істейтін «1433» байланыс орталығына қоңырау шалуларына болады.

Ислам ТАЛІФАТ, Нұр-Сұлтан

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ

ЗА 5 МЕСЯЦЕВ
2021 ГОДА ПРОДАНО

6 млн 100 тыс.
ЭЛЕКТРОННЫХ БИЛЕТОВ

АВТОМАТИЗИРОВАННАЯ СИСТЕМА УПРАВЛЕНИЯ «ДОГОВОРНАЯ И КОММЕРЧЕСКАЯ РАБОТА» ТОО «КТЖ – ГРУЗОВЫЕ ПЕРЕВОЗКИ» СЕГОДНЯ ОХВАТЫВАЕТ

456

СТАНЦИЙ, А ТАКЖЕ

15

СТЫКОВЫХ ПУНКТОВ

В 2020 ГОДУ ОБЪЕМ ПЕРЕВОЗОК В КОНТЕЙНЕРАХ В СООБЩЕНИИ ФИЛАНДИЯ – КИТАЙ ТРАНЗИТОМ ЧЕРЕЗ КАЗАХСТАН ДОСТИГ

5,2 тыс. доз

Жолаушылар тасымалы

БӘСЕКЕЛЕСТІК ОРТАҒА БЕРІЛЕДІ

Осы жылдың соңына дейін жолаушыларды тасымалдау саласында кейбір мемлекеттік функциялар бәсекелестік ортаға берілетіні белгілі болып отыр. Бұл туралы халыққа есеп беру кезінде ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Бейбіт Атамқұлов мәлімдеді.

Нұрай СӘРСЕНҒАЛИ,
Нұр-Сұлтан

Оның баяндамасынан белгілі болғаны, биылғы жылдың алғашқы төрт айында темір жол көлігімен 4,5 млн жолаушы тасымалданған. Тасымалдаудың өткен жылдармен салыстырғанда төмен көрсеткіштеріне, әрине қалыптасып отырған жағдай, карантиндік шектеулер себеп екені айтпаса да түсінікті. Бүгінгі таңда пандемияға байланысты 41 жолаушы пойызы, оның ішінде 21 халықаралық қатынастағы пойыздар жүрісі тоқтатылған. Жолаушылар тасымалын субсидиялауға 57 әлеуметтік маңызы бар бағдарға 44 млрд теңгеден астам қаражат бөлу жоспарланған. Әзірге соның 15,5 млрд теңгесі бөлінді.

«Ел экономикасының дамуында теміржол көлігі ерекше рөл атқарады. Салада 135 мыңнан астам адам жұмыс істейді. Оның 125 мыңы «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының қызметкерлері, ал 10 мыңға жуығы осы саладағы жеке компанияларда қызмет етеді. Елде қолданыстағы темір жолдар ұзындығы 16 мың шақырым. Жалпы ұзындығы 21 мың шақырымнан асады. Жыл сайын шамамен 600

шақырым магистральдық желіні күрделі жөндеу жүзеге асырылады», – деді Бейбіт Атамқұлов.

Тағы бір айта кетерлігі, биыл 14,7 млрд теңгеге 31 жолаушылар вагоны сатып алынады. Жолаушы вагондарының паркі шамамен 2,6 мың бірлікті құрайды, орташа тозуы – 46 пайыз. «Халық тарапынан вагондардың жай-күйіне қатысты әділ шағымдар бар. Шынында да, парктың жартысы жаңартуды, толықтай ауыстыруды қажет етеді. 2020 жылы мемлекеттік қолдау тетігі аясында ұлттық тасымалдаушы 40 млрд теңгеге «Тұлпар» зауытының отандық өндірісінің 100 вагонын сатып алды. Биыл 14,7 млрд теңге сомасына 31 жолаушылар вагонын сатып алуды жоспарлап отыр», – деді министр.

Министрдің мәлімдеуінше, аталған вагондар Алматы-Маңғыстау және Алматы-Атырау бағыттарына жеткізіліп, сол бағыттардың жолаушы құрамдарын жаңартатын болады. Жалпы, 2025 жылға дейін бюджеттік несиелендіру аясында 295 вагонды жаңарту жоспарланып отыр. Бұдан басқа, осы жылдың соңына дейін 252 вагонның санитарлық тораптарын жаңарту жоспарланып отыр екен. Бүгінде 215 вагонның санитарлық торабы жаңартылған.



ҚАЗІРДІҢ ӨЗІНДЕ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЕЛДЕРІНДЕ ЖҮКТІ КОНТЕЙНЕРЛЕРДЕ ТАСЫМАЛДАУ БОЙЫНША БІЗДІҢ ЖҮК ЖӨНЕЛУШІЛЕР ЖҮК ҚАБЫЛДАП АЛУШЫЛАРМЕН ЛОГИСТИКА ҚҰРУЫ ҚАЖЕТ. МӘСЕЛЕН, БІЗ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ӨНІМДЕРІН КОНТЕЙНЕРЛЕРДЕ ЖІБЕРЕМІЗ. АЛ ЖҮК ҚАБЫЛДАП АЛУШЫ ЖҮКТІҢ БАСҚА АССОРТИМЕНТІН НЕМЕСЕ ҚАЗАҚСТАН АРҚЫЛЫ ӨТЕТІН ТРАНЗИТТІК ЖҮКТІ ЖІБЕРСІН. СЕБЕБІ, БОЛШАҚ – КОНТЕЙНЕРЛІК ТАСЫМАЛ ЕНШІСІНДЕ

Ерден АМАНОВ,
Қостанай ЖТ бөлімшесі директорының логистика жөніндегі орынбасары



Автобус тасымалдарының кестесі

Шымкент станциясынан жөнелу уақыты	Сарыағашқа келу уақыты	Сарыағаштан жөнелу уақыты	Шымкент станциясына келу уақыты
15.30	17.30	18.30	20.30
05.00	07.00	08.30	10.30
22.00	00.00	01.00	03.00

ПО НОВЫМ РЕЛЬСАМ



На магистральной сети продолжается капитальный ремонт пути. Это участок перегона Коктобе – Жумыскер. Общая протяженность реконструкции составляет 24 километра.

Как рассказали в филиале ТОО «Теміржол жөндеу» ПМС Бірлік, строительные работы стартовали 18 апреля и продолжатся до конца июня, отставаний по графику пока нет. Будут заменены рельсошпальные решетки, проложены бетонные шпалы. Всего реконструкции подвергнется 24, 02 километра пути. К слову, средний ремонт на железной дороге Павлодарского региона в этом году проводиться не будет. Напомним, в прошлом году он был на перегоне Енбекшильдер – Айсары – 20,974, станции Павлодар-Сортировка и Аксу-1. Здесь сотрудники стальной магистрали провели средний ремонт пути в объеме 7,026 километра. Также произведена сплошная смена опор хозяйственным способом протяженностью 11,8.

Кроме этого, железнодорожники установят скотоизгородь на участках Май – Дегелец, Жумыскер – Май. Их общая протяженность составит 34 километра.

Жанара ЖУСУПОВА, Павлодар

АКСУ – ДЕГЕЛЕН: 20 ЖЫЛ

Осы маусым айында Павлодар магистральдық желі бөлімшесіне қарасты Ақсу – Дегелец учаскесі құрылысының аяқталып, пайдалануға берілгеніне 20 жыл толады.

Әлбетте, уақыт өте келе бұл теміржол да жөндеу жұмыстарын қажет ете бастады. Мәселен, 2018 жылдан бастап жекелеген телімдерге күрделі жөндеу жүргізіле бастаған. Дегелец – Май, Май – Жумыскер станциялары аралығында 69 км жол темірбетон шпалдарға алмастырылды. Ал биылғы жылдың 18 сәуірінен бастап Жумыскер – Көктөбе аралығында 24 км көлемде жұмыс жоспарланған. Яғни, бұл жолы да осы аралықтағы

шпалдар темірбетонды түрлеріне алмастырылып, 15 км дейінгі рельс иіндері төселмек.

Бүгінгі таңда «Теміржол жөндеу» ЖШС мердігер компаниясының Бірлік жол машиналары стансасы 17,5 км жолға күрделі жөндеу жұмысын жүргізіп жатыр. Жоспарлы жұмысты үстіміздегі жылдың шілде айының соңына дейін аяқтау межеленуде.

Сұлғұл БАКЕСОВА,
Нұр-Сұлтан

Где и как приобретать ж/д билеты

- На сайте WWW.BILET.RAILWAYS.KZ
- В почтовых отделениях KAZPOST
- В автоматах самообслуживания «QIWI» и «Касса-24»
- В интернет-ресурсах по продажам билетов

В случае отсутствия билетов пассажиры могут воспользоваться электронной услугой «Лист ожидания» на сайте WWW.BILET.RAILWAYS.KZ или в билетных кассах

Оформление ж/д билетов:
от 45 дней до отправления поезда
от 10 суток в пригородных сообщениях

СТОП Продажа ж/д билетов:
В билетных кассах прекращается за 10 минут до отправления поезда

Через интернет-сайт за 1 час до отправления поезда с начальной станции

АУЫРЫП ЕМ ІЗДЕГЕНШЕ...



«Ауырып ем іздегенше, ауырмаудың жолын ізде» демекші, Маңғыстау облысында теміржолшылардың екпе алуы қарқынды жүруде. Ковид-19 індетіне қарсы вакцина қабылдаған теміржолшылар қатары күн сайын артып жатыр.

Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау



Атап айтқанда, 28 мамырдағы мәлімет бойынша 1164 адам екпе қабылдаған. Бұл өңірдегі теміржолшылар санына шаққанда 22,8 пайызды құрайды.

– Қазір ешкім өз денсаулығына бейжай қарамайды. Дертпен күресетін жол оған қарсы екпе екізудің барлығы түсінген. Сондықтан теміржолшылар вакцинациялау науқанына белсенді қатысуда. Маңғыстау жүк тасымалы бөлімшесі бойынша бүгінде 1924 теміржолшы болса, содан 28 мамырға дейін 24,7 пайызы немесе 476 адам екпе алды, – дейді Маңғыстау жүк тасымалы бөлімшесінің кадр бөлімі бастығы Екпін Қожахметов.

Ал Маңғыстау магистральдық желі бөлімшесі кадр бөлімінің бастығы Азат Төлегенов бөлімше

басшылығы жергілікті әкімдіктермен келісіп, желі бойындағы жұмысшылар мен жергілікті халықты вакцинациялау үшін арнайы пойыз шығару жөнінде жұмыстанып жатқанын айтады. Бұл ұсынысты әкімдіктер қолдап, қазір соның қарқындылығын көрінеді. Оған дейін бөлімше басшылығы жергілікті биліктің және медициналық мекемелердің жұмыстанып бірге станциялардағы НЖС-ке қарасты мекеме жұмысшыларына екпе туралы түсінік жүргізуді қолға алған. Мұндай ақпараттық шара Болашақ станциясында Ш.Ч. П.Ч. Э.Ч өрте қарсы қызмет мамандарымен өткізіліп, Бейнеу және Шетте станцияларында жалғасын тапты.

Суретті түсірген автор

ЕКПЕГЕ СЕНІМ – ЕЛДІҢ АМАНДЫҒЫ



Вакцина туралы аңыз бен ақиқат көп. Екпе жайлы екіұдай пікір қай заманда да болған. Ал қазір сенбеушілік неге көп? Себебі қазір ақпараттық технологиялар дамыған дәуірде өмір сүріп жатқандықтан адамдар ақ-қараны ажыратпай, ғаламтордағы жақсылық-жамандық деректерді сініре береді. Осыған орай коронавируска қарсы екпенің басы-қасында жүрген ҚазҰАУ профессоры, ветеринария ғылымдарының докторы, ҚР ҰЖҒА академигі Батырбек Айтжановтан сұрап көрдік.

Райхан РАХМЕТОВА,
Нұр-Сұлтан

– Екпе жоқ заманда ата-бабаларымыз қауіпті ауруларды қалай емдеген? Оның бүгінгі вакцинациямен ұқсастығы бар ма?

– Кезінде екпе жоқ кезде де ел ішіндегі тәуіп-емшілер шешекпен ауырған адамның жарасынан материал алып, сау адамға сепкен. Ауырған балалардың киімдерін ауырмаған балаларға кигізген. Сонда ол ағзада иммундық жүйе оянып, ауруға қарсы тұра алатынын білген. Антидене келген вирусты жеп өлтіріп тастайды. Себебі ауырып болған адамның бойындағы вирус әлсіреген, оны сау адам ағзасына жұқтырғанда ол адам ауырмайды, бірақ әлсіз вирус иммундық жүйені оятады. Қазіргі дайындалып жатқан вакциналар иммунденді штатмдардан және әлсіретілген вирустан жасалады. Міне, соны ата-бабаларымыз вакцинаны ойлап тапқан Луи Пастерге дейін ақ біліп қойған.

– Демек сол ізбен жасалып отырған қазіргі екпенің еш қауіп жоқ қой?

– Жұққыштығы өте жоғары коронавирусты тәрізді індетті аурулармен күресудегі ең негізгі шара – организмді вакциналық препараттардың көмегімен иммундау. Қазақ «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» деп бекер айтпаған. Вакцина деген – аурудың алдын алу үшін қолданылатын биопрепарат. Сондықтан вакцинадан қорқудың қажеті жоқ. Екпенің арқасында әлемде 2 млн адам түрлі жұқпалы аурулардан аман қалып отыр.

– Дегенмен, екпеге халықтың қазір сенімі неге аз?

– Қазір қарасаңыз, тек екпе емес, елдегі кез келген жақсы-жаман оқиғалар туралы әңгіме көп. Ғаламтор арқылы ақпараттарды оңды-солды сапырып, дұрыс-бұрысын ажыратпай сініре бергеннің

кесірі тиіп отыр. Баяғыда Алматыда болған оқиға ауылға екі-үш айдан кейін жететін еді. Қазір тіпті әлемнің бір түкпірінде болған жайт сол мезетте бүкіл елдің құлағына жетеді. Әлеуметтік желіде біреудің негізсіз жазған пікірін, бір-екі жерден оқығанын жаттап алып, елдің көбі саясаткер, ғалым, дәрігер болып кеткен. Диванда жатып алып ақыл айтатындар көбейді.

– Вакцинаның теріс әсері бірден емес, бірнеше жыл өткен соң барып білінеді, тегіңіз негізде өзгерістерге ұшыратады, беделіңізге әкеледі деген қауесет те бар.

– Өзгерістер болса да, тек жақсы жағынан болады. Өзгерістерден қорықпау керек. Бірақ гендік тұрғыда өзгерістер болуы мүмкін емес, себебі вакцинада қолданылатын антигендер тек жасушаға салынып, иммундық жүйеге ғана әсер етеді. Жасушадан әрі қарай оның ядросына кіре алмайды. Ал біздің генетикалық материалымыз ядроның ішінде орналасқан. Ядро өте тығыз және мықтап қоршаулы. Сол себепті екпе адамның ДНК-сына әсер етеді деген – бос сөз.

– Ұжымдық иммунитет қалыптасқаннан кейінгі өмір қандай болуы мүмкін, расымен, маскасыз қалыпты өмір сүре аламыз ба?

– Бұған қатысты ғалымдар пікірі әртүрлі. Бірі халықтың 60 пайызы вакцина алса ұжымдық иммунитет қалыптасады десе, екіншісі 80 пайызы екпе салдыру қажеттілігін мәлімдейді. Бірақ ешкім де нақты мына көлемде алу керек деп деп басып айта алмайды. Дегенмен де неғұрлым көп адамға екпе егілгені жөн. Жалпы пандемиялық аурулардың басталып, аяқталуы ұзаққа созылады, он жылға дейін барады. Бірақ бұл індет олай созыла қоймас, не дегенмен дамыған дәуірде өмір сүріп жатырмыз ғой.

– Кеңесіңізге рахмет!

ӘРІПТЕСТЕРІМНІҢ ОСАЛЫ ЖОҚ...



КӘСІБИ-НӘСІБІ

Асхат РАЙҚҰЛ,
Жамбыл облысы

Айтуынша, бұл құндылықтар компанияның әрбір қызметкеріне таныс, компанияның әрбір теміржолшысы ұстанады, әрбірінің күн сайынғы қағидаты. «Біздің корпоративтік құндылықтарымыз компания теміржолшыларының 70 пайызына мәлім. Бұл арнайы сауалнама барысында анықталыпты. Бұл дегеніміз, әріптестеріміздің дені өздерінің мамандықтарына адал, біліктіліктері жоғары деген сөз. Мәселен, ай сайынғы зерделеу қорытындысына сәйкес менің қарамағымдағы вагон қараушы Айбек Нұрмахан үздік деп танылды. Бұл – оның ғана емес, біздің барлығымыздың абыройымыз», – дейді шебер.

Оның айтуынша, Айбек Мейірханұлының вагон ақауын байқамай немесе білмей қалған кезі жоқ десе де болады. Соңғы рет өткен аптада Шу станциясына тоқтаған жүк пойызынан, вагонның бүйірлік жақтауынан қауіпті сызатты анықтап, үлкен шығынның алдын алған.

Айбек Нұрмахан ұзын бойлы келген, қуатты, нағыз теміржолшы болу үшін жаралмағандай жігіт екен. Көп сөйлемейді, істің адамы. Жамбыл депосының Шу телімінде 2012 жылдан бері вагон қараушы болып қызмет етіп келеді екен.

«Осы Шу қаласында өстім, темір жолдың бойында балға ұстап жүргеніме тоғыз жылға таяпты. Осы уақыт аралығында көп ақауларды таптық қой. Қайсыбірін сөз етейін. Ең бастысы, олар менің міндетім емес пе? Несіне оны жаһанға жар саламыз?», – дейді қипақтаған күйі.

«Сол күні Шу қаласындағы Қант зауыты маңындағы теміржолға келіп тоқтаған жүк пойызын қарап жүрген болатынымын. Әдеттегідей, болат доңғалақтарды тексердім алдымен. Бүйірлік жақтауларын қарадым. Бір уақ балғамның үні өзгеше шыққанын аңғарып, қайтадан ұрғылап көрдім, жалма-жан әлгі тұсқа айнамады қойып, мұқият тексердім. Вагонның бүйірлік жақтауы бірнеше жерден жарылыпты», – деді сол

Жамбыл вагон пайдалану депосының Шу теліміндегі шебері Жанарбек Көпеков «Қазақстан темір жолы» компаниясының жұмыс сапасын жақсартуға, еңбек өнімділігін арттыруға бағытталған өзіндік құндылықтары бар дейді. Олар ең алдымен қауіпсіздік техникаларын сақтау, көшбасшылыққа ұмтылу, қай істе де белсенділік таныту, мамандығымен мақтану және жоғары деңгейдегі жауапкершілік дегенге саяды.



күнгі оқиға жайлы.

Бекітілген тәртіпке сәйкес, ол ақау жайын аға тексеруші Жалғас Байсейітовке хабарлайды. Ал арнайы хаттама толтырып, құжаттарын ретке келтірген соң, ол вагон құрамынан ағытылып, жөндеушілерге жіберген.

«Күн сайын 20 шақты пойыз құрамына тексеру-қарау жұмыстарын жүргіземіз. Кезекшілікте екі бригада жүрміз, бұл дегеніңіз – екі-екіден төрт адам. Алайда соңғы күндері біз бір жарым бригадамен жұмыс істеп жүрміз. Өйткені, бір әріптесіміз ауруханада, тағы бірі кезекті еңбек демалысында. Мұндай кезде жауапкершілігіміз еселене түседі, десе де шыдауымыз керек», – дейді Айбек Мейірханұлы.

Ол жақында вагон қараушылардың бірі Жасұлтан Өмірбеков те ақау тапқанын айтты. «Әріптестерімнің осалы жоқ, шетінен мамандығын жоғары деңгейде игергендер» деді А.Нұрмахан мақтанашпен.

Ал Жасұлтан Айбектен көп нәрсе үйренгенін жеткізді. «Рас, Айбектің жұмыс тәжірибесі он жылға жетер-жетпес. Алайда, ол алдыңғы буыннан көп дүниені бойына сіңіріп қалған. Өйткені, Айбек зейнетке шыққан ағаларымызбен бірге жұмыс істеп үлгерді. Мен мұны буын сабақтастығы деп санаймын. Бұл – теміржол саласында аса маңызды нәрсе», – дейді Жасұлтан Өмірбеков.

Суретті түсірген автор



КҮРДЕЛІ АҚАУДЫ АНЫҚТАДЫ

27 мамыр күні Ақтөбе облысындағы Қандыағаш станциясында вагон қараушы-жөндеушілер Серік Нұранов пен Алматыдан Аманжолов жүк вагондарын тексеріп, техникалық қызмет көрсету барысында дөңгелек дискісінен сызат тапты, бұл өте күрделі ақауға жатады.

Ұлан ОРАЗ,
Нұр-Сұлтан

Вагон жеке меншік иесіне тиесілі. Дөңгелек жұптар 1990 жылы жасалған. Ақау табылған соң аталған меншік иесінің вагондары ерекше бақылауға алынды.

Вагонға жүк тиелгенін және дөңгелек жұптарға салмақ түскенін ескерсек, вагон қараушы-жөндеушілердің қырағылығы жүк тиелген бүкіл құрамды жолда болуы мүмкін үлкен бір апаттан сақтап қалды дегуге болады.

Серік Нұранов пен Алматыдан Аманжолов – тәжірибелі теміржолшылар, өз ісінңі мамандары саналады.

Серік Нұранов теміржолда 30 жылдан бері жұмыс істейді, соның 28 жылында осы Қандыағаш вагондарға техникалық қызмет көрсету қосынында қызмет етіп келеді. Алдымен жылжымалы құрамды жөндеу бойынша слесарь болса, 2006 жылдан бері вагон қараушы-жөндеуші. Алматыдан Аманжоловтың да теміржолдағы жалпы еңбек өтіліне 30 жылдан асты. Осыныша жыл Қандыағаш техникалық қызмет көрсету қосынында еңбек етіп келеді. Жұмысын мойынтіректі жөндеу бойынша тоқар болып бастап, кейін вагон қараушы-жөндеуші қызметіне ауысқан.

Өрт - тілсіз жау

АПАТ АЙТЫП КЕЛМЕЙДІ

Жаз – өрт қаупі артатын уақыт. Қауырып тұрған шөп-шаламға сәл ұшқын түссе, тұтанып, ұлы өртке айналуы әбден мүмкін. Сондықтан аяқ астынан пайда болатын «тілсіз жаудан» сақтану – теміржолшылардың бір міндеті.

Айсұлтан АРМАН,
Маңғыстау

Бейнеу-Құлсары телімінде «Дала өртері» тақырыбында өткен оқу-жаттығу шарасы осы мақсатты көздеді. Алдымен ала белгіленген жоспарға сәйкес №463 бекет кезекшісі сағат 10.00 уақытта теміржолдан мың метр қашықтықта дала өртің байқайды. Оқиға жайлы дереу диспетчерге хабар береді. Диспетчер шалт қимылдап, Бейнеу өрт сөндіру пойызын шығаруға бұйрық береді.

Бейнеу станциясы мен өрт шыққан жердің арақашықтығы 76 км құрайды.

Оқиға орнына 11:30-да бір «Орал» өрт сөндіру автокөлігі келеді. Бейнеу өрт сөндіру пойызы 11:40-та жетіп, өртті сөндіруге кіріседі. Сағат тілі 13:45-ті көрсеткенде қызыл жалынның беті қайтып, 14:15-те толығымен жойылады.

– «Тілсіз жаумен» күресуге барлығы 53 адам қатысты. Соның ішінде Бейнеу өрт сөндіру пойызынан – 9, жергілікті өрт сөндіру бөлімінен – 10, «Бейнеу орманы» ЖШС-нен – 12, Боранқұл өрт сөндіру бекетінен 12 қызметкер жұмылдырылды. Ерікті өрт сөндірушілерден де 10 адам қатысты. Бейнеу өрт сөндіру пойызынан басқа, аудандық өрт сөндіру бөлімінен

екі техника, Боранқұл өрт сөндіру бекетінен бір арнайы көлік, трактор, екі Уаз автокөлігі тартылды. Өрттің ауқымы 500 м² аумақты қамтып, теміржол жиегіне қауіп төндірген еді, – дейді Маңғыстау өртке қарсы қызмет жасағының бастығы Қайырхан Таласов.

Бұл биылғы бес айдың ішінде алтыншы рет өткізіліп отырған дайындық шарасы болатын.



ЕСКЕРТУ – ҚАУІПТІҢ АЛДЫН АЛУ

Семей ЖТ бөлімшесі бойынша ағымдағы жылы теміржол нысандарындағы өрт қауіпсіздігі бойынша кешенді шаралар жиі ұйымдастырылуда. Соның нәтижесінде болар, өткен айлар ішінде келеңсіз оқиғалар тіркелген жоқ.

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Дегенмен желі бойындағы мекемелерді тексеру барысында ескертулер айтылып, өрттің алдын алу мақсатында қажетті нұсқамалар берілуде. Мәселен, өртке қарсы қызметтің инспекторлары бөлімшедегі стационарлық нысандарға бір ай ішінде 10-нан аса өрт-техникалық тексеру шараларын жүргізіп, ең кемі 9 ескерту жасапты.

Әйтсе де, бұл ең төмен көрсеткіш, демек жақсы нәтиже. Өткен жылдың есепті мерзімі ішінде ең кемі бір ай ішінде 20-дан аса ескерту жасалыпты. Яғни, биылғы жылы қызыл жалыннан төнер қауіптің алдын алуда шығыстағы теміржолшылар тыңғылықты жұмыс жүргізуде деген сөз.

Семей ЖТ бөлімшесінің өндірістік қауіпсіздік бөлімі мамандарының айтуынша, ескертулердің аясында жыл ішінде қосалқы эвакуациялау жолдарында табалдырықтар орнатылып, қоймалар үй-жайлардан тиісті үлгідегі қалқаммен бөлінген. Сонымен

қатар, ақаулы автоматты өрт дабылы жүйелері қайта жаңаланыпты. Мұнымен қоса, желі бойындағы кейбір мекемелердің эвакуациялау жолдарындағы қабырғалар мен төбелерді жанғыш материалдармен әрлегендері анықталып, олқылықтар дереу арада орнына келтірілген.

Мұның сыртында, әрине, теміржол нысандарындағы электр құрылыстары мен сымдар, кабельдердің дәнекерленуі, арнайы құралдардың орнатылуы, электр желілерінің монтаждалуы да назарға алыныпты. Бұл жайттар әсіресе ғимараттарға күрделі және ағымдағы жөндеу жүргізу барысында орын алады екен.

Әйтсе де, теміржолдың маңызды нысандары бойынша, атап айтсақ, төрт айдың ішінде тораптық станциялар мен локомотив паркі бойынша өрт қаупі жөнінен ескертулер болмапты. Яғни, қазіргі таңда қызыл жалыннан қозғалыс қауіпсіздігіне төнер залал сейілген деген сөз. Сол тәрізді өткен жылы да бөлімше бойынша жүк вагондарында және локомотивтерде өрттерге

жол берілмеген болатын.

Биылғы жылы да өрт қауіпсіздігі бойынша қажетті құрал-жабдықтарды жаңалау мен жаңадан алдыру бойынша мәліметтер жинастырылуда. Соның ішінде «Ду-50» өрт краны, жыынтықтағы өрт қалқаны және өрт сөндіргіштерді қайта зарядтау бойынша теміржолшылар тарапынан өтінділер бар екен.

– Бұл шаралардың сыртында жекелеген нысандар бойынша өрт сигнализациясын, бейнебақылау жүйелерін және ұқсас жабдықтарды монтаждау бойынша жұмыстар жүргізілімек. Сонымен қатар, кейбір нысандардағы сыртқы өрт сатыларын жанарту мен сынақтан өткізу бойынша жоспарлы шараларды жүзеге асыру көзделуде, – дейді бұл орайда пікір білдірген Семей ЖТ бөлімшесінің еңбекті қорғау бөлімі басшысының міндетін атқарушы Бекзат Кәрімханов.

Қазіргі күні шығыстағы теміржолшылар қауымы өрт қаупі жөніндегі сақтық шараларын, ақаулықтар мен тосын жайттардың алдын алуда белсенді түрде жұмыс жүргізуде. Оған аймақтағы аптап ыстық пен аңызак жел, орман және дала өрттерінің жиілеуі де себеп. Сонымен қатар, биылғы жылы өңірдегі ғимараттар мен көліктердің, тұрғынжайлардың өртенуі де артыпты. Бұл жайт та теміржолшыларды біршама алаңдатып отыр. Алайда, бөлімшедегі күшейтілген сақтық шаралары қауіптің алдын алары анық.

НЕ ТОЛЬКО НА БУМАГЕ



С начала года допущено 76 случаев экстренного торможения по причине нахождения скота на путях, из них 40 – с наездом.

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

В Алматинском регионе вопросы обеспечения безопасности движения поездов постоянно находятся в поле зрения железнодорожников. Проблематичными считаются участки Матай – Уштобе, Матай – Актогай, Алматы – Сарыозек, Алматы – Отар. Кроме того, под колесами железнодорожного транспорта ежегодно получают тяжелые травмы десятки детей и подростков. Немало случаев со смертельным исходом. Печальная статистика такова: с начала года зафиксировано 45 случаев экстренного торможения из-за людей. Чаще всего это переход железнодорожных путей в неустановленных местах, мужчины в состоянии алкогольного опьянения и суицид. Характерно, что всплеск нарушений безопасности чаще всего приходится на летне-осенний период.

Причиной трагедии становятся и допущенные нарушения техники безопасности самими железнодорожниками, работающими в непосредственной близости от движущихся поездов и отвечающих за безаварийную работу подвижного состава.

Как отмечает главный ревизор Алматинского региона Мейрамбек Серикбаев, некоторые руководители структурных подразделений допускают формализм в профилактике производственного травматизма и в контроле над выполнением технологий безопасного производства работ, не требуют от подчиненных выполнения норм и правил по охране труда. А это чревато

С НАЧАЛА ГОДА ДОПУЩЕН 121 СЛУЧАЙ ЭКСТРЕННОГО ТОРМОЖЕНИЯ ПО ПРИЧИНЕ НАХОЖДЕНИЯ ЛЮДЕЙ И СКОТА НА ПУТЯХ. ХАРАКТЕРНО, ЧТО ВСПЛЕСК НАРУШЕНИЙ БЕЗОПАСНОСТИ ЧАЩЕ ВСЕГО ПРИХОДИТСЯ НА ЛЕТНЕ-ОСЕННИЙ ПЕРИОД.

негативными последствиями. Для предупреждения гибели и травматизма людей сотрудниками транспортной полиции совместно с представителями железной дороги проводятся профилактические мероприятия, которые позволяют минимизировать случаи производственного травматизма на железной дороге, – говорит он.

Как считает главный ревизор, контроль должен быть действенным, и не только на бумаге.



Необходимо реализовать программу по снижению травматизма и обеспечению безопасности граждан на объектах железнодорожного транспорта.

К примеру, в путевом хозяйстве наблюдается некачественное проведение ежемесячных ко-

ний уровень знаний работников, непосредственно связанных с движением поездов, слабая технологическая дисциплина при производстве маневровых работ, не на должном уровне исполняются должностные обязанности работников станций, недостаточно проводятся профилактические работы руководителями линейного и регионального уровня с работниками станций по недопущению повторяемости нарушений.

По хозяйству СЦБ и связи допущено 12 случаев, из них: ПЧ-31 Актогай – 5, ПЧ-33 Алматы – 7. По хозяйству энергоснабжения – 10 случаев в Уштобинской дистанции электроснабжения, по вагонному хозяйству – 16 случаев нарушений безопасности.

По всем выявленным отступлениям проводятся профилактические работы с последующим принятием корректирующих и предупреждающих мер в целях исключения повторений.

Фото автора

В ЦЕНТРЕ ВНИМАНИЯ – АВТОТОРМОЗНОЕ ОБОРУДОВАНИЕ



В Оскеменском эксплуатационном локомотивном депо (ТЧЭ-22) прошла совместная весенняя автотормозная конференция. Ее цель – обеспечение безопасности движения поездов в период перепада температуры окружающего воздуха, качественное содержание тормозного оборудования подвижного состава в летний период.

Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск

На конференцию под председательством начальника ТЧЭ-22 Ермака Смагулова пригласили представителей ревизорского аппарата департамента по безопасности движения АО «НК «КТЖ» по Восточно-Казахстанскому участку, АО «Dosjan temir joly», осмотриков вагонов, локомотивные бригады, машинистов-инструкторов ТЧЭ-22.

Главный ревизор по безопасности движения департамента безопасности движения по Восточно-Казахстанскому участку Айдын Огузбаев рассказал о случаях нарушений безопасности в поездной и маневровой работе по АО «НК «КТЖ» и по Семейскому отделению грузовых перевозок с октября 2020-го по май 2021 года, о допущенных случаях нарушений в работе автотормозного оборудования.



машинист-инструктор ТЧЭ-22 Рустем Мусекенов заметил: поскольку на участках региона есть уклоны более 0,018, то необходимо помнить о том, что тормозное оборудование подвижного состава должно обеспечивать стопроцентную гарантию безопасности движения. Он подробно информировал, как необходимо вести себя при ведении поездов по крутым спускам на горном режиме машинистам со стажем работы менее года, как правильно при-

водить в действие автотормоза. По его информации, в осенний и зимний периоды работы в Оскеменском эксплуатационном локомотивном депо грубых нарушений по работе автотормозного оборудования допущено не было. Зимой в ТЧЭ-22 работали шесть машинистов тепловоза с малым стажем работы именно в зимнее время.

– В процессе работы, когда я следовал с поездами под управлением этих машинистов, я не выявил грубых нарушений,

безграмотных действий, не заметил признаков сомнений или беспокойства, – отметил Рустем Мусекенов.

В период с 20 марта по 20 апреля 2021 года включительно в ТЧЭ-22 провели совместный с вагонниками месячник «Особый контроль – тормозное оборудование» по профилактике и методам выявления, устранения неисправностей тормозного оборудования.

В Оскеменском эксплуатационном локомотивном депо выполняют проверки вождения пассажирских поездов с составлением актов о замечаниях по управлению автотормозами и ЭПТ, возникших при следовании по участкам. При проверках замечаний, жалоб со стороны проводников и бригадиров поездов в адрес локомотивных бригад колонны пассажирского движения не было.

На конференции с докладом по вопросам безопасности работы автотормозного оборудования выступил инструктор по автотормозам и буксовому узлу Оскеменского эксплуатационного вагонного депо Нурлан Наурызбаев.

– Ежедневно из департамента безопасности движения поступают телеграфные указания и факсограммы по допущенным случаям остановок грузовых поездов из-за отказа работы автотормозного оборудования в пути следования. Они прорабатываются с причастными работниками ежемесячно на планерных совещаниях, – отметил он.

Фото Рустема МУСЕКЕНОВА



ВЫРАБОТАЛИ КОЛЛЕКТИВНЫЙ ИММУНИТЕТ

Любовь РОВБА,
Нур-Султан



Уровень коллективного иммунитета в ТОО «Пассажирские локомотивы» достиг 75,6%. На сегодня вакцинацию от коронавируса успешно прошла большая часть работников товарищества.

Железнодорожники активно поддерживают прививочную кампанию. В штате ТОО «Пассажирские локомотивы» – 94 сотрудника, из них 70 уже получили вакцину от covid-19.

– Вакцинация проходит исключительно на добровольной основе в сети медицинских центров Mediker, в поликлиниках по месту жительства, а также в ТРЦ. В ближайшие недели планирует вакцинироваться еще ряд сотрудников. Все они руководствуются стремлением уберечь себя и своих близких от тяжелого заболевания, – отметила директор по управлению персоналом – директор департамента управления человеческими ресурсами ТОО «Пассажирские локомотивы» Шолпан Абильбекова.

Таким образом, в скором времени в товариществе достигнут практически 100% коллективного иммунитета. – Я сразу воспользовался возможностью получить прививку, так как считаю это единственным надежным способом остановить пандемию. Каких-то побочных симптомов, недомогания после процедуры практически не было. Мы должны понимать, что от нашей сознательности зависит не только наше здоровье, но и окружающих нас людей, – поделился заместитель генерального директора по экономике и финансам Аскар Максатов.

ДАДИМ ПЛАНЕТЕ ШАНС!

Светлана МОГАЙ,
Караганда



Сотрудники ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Карагандинское отделение ГП» под руководством директора Марлена Кокрекбаева произвели посадку саженцев дуба в парке административного здания.

Как известно, 2021 год объявлен Годом экологической культуры.

По словам Марлена Кокрекбаева, это уникальная возможность внести личный вклад в экологическое будущее родного края и проявить заботу об окружающей среде.

– Хотелось бы призвать железнодорожников сделать планету чище и начать с себя путем обустройства новых зеленых районов. Дадим планете шанс! – говорит он.

Аналогичное мероприятие в рамках экологической акции «Посади дерево» прошла 1 мая – в День Единства народа Казахстана. Сотрудники Карагандинского отделения ГП на станции Караганда-Сортировочная посадили деревья вдоль автомобильной дороги по улице Сарыарка.

– Подобные общественные действия вдохновляют на позитив и совместный труд. В наше время считается приоритетным формирование экологической культуры в обществе. И карагандинские железнодорожники согласны с этим, – заключил Марлен Кокрекбаев.

Фото автора

«Теміржолсу» акционерлік қоғамының басшылығы және ұжымы «Теміржолсу» акционерлік қоғамының Өндірістік-техникалық бөлімінің жетекші инженері Смагулова Нұржамия Амантайқызына өмірлік серігі-жұбайы **Сыдықов Тұраш Жұмашұлының** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтастып, отбасына және жақындарына көңіл айтады.

ИЗВЕЩЕНИЕ О ТОРГАХ

Акционерное общество «KTZ Express» (далее – АО «KTZ Express») объявляет о проведении электронных торгов по продаже имущества АО «KTZ Express», которые начнутся 16 июня 2021 года в 10.00 (время Нур-Султана) на веб-портале Реестра государственного имущества www.gosreestr.kz.

Реализация имущества осуществляется в соответствии с Правилами реализации имущества АО «KTZ Express», утвержденными решением Совета директоров АО «KTZ Express» (протокол от 10 января 2018 года №1) (далее – Правила) и Регламентом проведения электронных торгов по продаже имущества на веб-портале Реестра государственного имущества, утвержденным решением Совета директоров АО «Информационно-учетный центр» (протокол от 23 мая 2014 года №66) (далее – Регламент).

На аукцион на понижение цены выставляется следующее Имущество:

№	Наименование	год	начальная стоимость	стартовая стоимость	минимальная стоимость	гарантийный взнос
1	КАМАЗ 54115-010-15, 187 АТ04	2014	9 777 988	29 333 963	6 844 591	1 466 698
2	ППК 3 рдт 931-05, 45СUA04	2015	3 651 631	10 954 894	2 921 305	547 745
3	Skoda Superb B6, 171 АТ04	2012	3 373 944	10 121 832	2 361 761	506 092

Регистрация участников торгов на веб-портале реестра со дня публикации извещения на веб-портале Реестра и заканчивается за два часа до начала торгов.

Для регистрации в качестве участника торгов необходимо на веб-портале Реестра зарегистрировать заявку на участие в торгах по форме, согласно приложению к Регламенту, подписанную ЭЦП участника.

Торги – в форме аукциона методом на понижение цены.

Гарантийные взносы вносятся на счет АО «Информационно-учетный центр»: БИН: 050540004455, БИК: КЗКОКЗКХ, ИИК: КЗ 529261501102032004, АО «Народный Банк». Назначение платежа: гарантийный взнос для участия в электронном аукционе (в размер гарантийного взноса оплата банковских услуг не входит).

Банковская гарантия в качестве гарантийного взноса не принимается.

С целью своевременного поступления гарантийных взносов на счет АО «Информационно-учетный центр» рекомендуется оплатить гарантийный взнос не позднее трех дней до окончания приема заявок.

Протокол о результатах торгов формируется веб-порталом реестра, подписывается с использованием ЭЦП продавцом и победителем торгов в день проведения торгов.

В случае неподписания участником, победившим в торгах, протокола о результатах торгов гарантийный взнос не возвращается.

Победителем считается участник, первым подтвердивший свое желание приобрести объект продажи по объявленной цене и подписавший протокол об итогах торгов.

Протокол о результатах торгов является документом, фиксирующим результаты аукциона и обязательства победителя и продавца подписать договор купли-продажи Имущества по цене продажи. Договор купли-продажи с победителем подписывается в срок не более десяти календарных дней со дня подведения итогов торгов веб-порталом реестра.

Победитель обязан произвести за свой счет все расходы, связанные с куплей-продажей Имущества,

включая, но не ограничиваясь, расходы по регистрации Имущества и уплату соответствующих налогов и других платежей в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Победитель, подписывая протокол об итогах торгов, подтверждает, что на момент покупки Объекта он полностью ознакомлен и согласен с техническим состоянием Объекта и его недостатками.

Победитель согласен с тем, что недостатки Объекта возмещению не подлежат и Продавец не несет никакой ответственности за любые недостатки Объекта.

Победитель обязуется не предъявлять требования к Продавцу по вопросу качества, комплектности Объекта.

Сположениями о порядке проведения электронного аукциона, порядке оформления участия в торгах, об условиях определения Победителя можно ознакомиться в Правилах и Регламенте, которые находятся в публичном доступе на сайтах АО «KTZ Express» www.ktze.kz и АО «Информационно-учетный центр» www.gosreestr.kz.

Дополнительную информацию можно получить по телефону 8 771 083 87 34 (АО «KTZ Express»), г. Нур-Султан, ул. Д. Қонаева, 10 и 8 7172 55 29 81 (АО «ИУЦ»), г. Нур-Султан, ул. А. Жубанова, д. 16, 4 этаж.



ПОДАРКИ ЮНЫМ ПУТЕШЕСТВЕННИКАМ

В Международный день защиты детей юным пассажирам поездов вручили подарки от АО «Пассажирские перевозки».

Любовь РОББА,
Нур-Султан

Праздничная акция организована национальным перевозчиком совместно с партнером – ТОО «Инжиниринговая компания «KAZTECHNOLOGY», предоставляющим мультимедийный развлекательный сервис для пассажиров в поездах категории «фирменный» и «Тальго». Во время посадки детей, отправляющихся в путешествие на поездах национального перевозчика, ждали приятные сюрпризы. От имени АО «Пассажирские перевозки» проводники поздравили их с праздником, вручив каждому раскраски, цветные карандаши и сладости. Юные пассажиры и их родители с нескрываемой радостью поблагодарили железнодорожников за позитивные эмоции.

– Приятно, что в этот день наши малыши не остались без внимания. Они с таким искренним восторгом принимали подарки, а для нас, родителей, нет большего счастья, чем видеть радостную улыбку ребенка. Спасибо руководству и всему коллективу АО «Пассажирские перевозки» за прекрасное настроение уже

начала поездки, – поделилась мама трехлетней Айши Мадина Капарова.

Праздничные акции в АО «Пассажирские перевозки» уже стали традицией. Так, на Новый год были поздравления от Деда Мороза и Снегурочки, а на 8 Марта представительница прекрасной половины при посадке на поезд дарил подарки.

– Мы заботимся о комфорте наших пассажиров во время поездки, а в праздничные дни стараемся радовать их приятными сюрпризами. 1 июня – особая дата. Детство – замечательная пора нашей жизни, полная надежд и радости. Мы хотим пожелать всем ребятам счастливого детства, мирного неба, здоровья и добра! – сказал проводник пассажирского вагона Жаслан Мукушев.

В Международный день защиты детей подарки от национального перевозчика получили свыше 500 юных путешественников.

Напомним, дети до 7 лет путешествуют по железной дороге Казахстана бесплатно, от 7 до 15 лет – по детским проездным документам, стоимость которых составляет 50% от взрослого билета. Для детей от 15 лет билеты приобретаются как для взрослых.

Фото Александра ЖАБЧУКА

ДЕНЬ, ПОЛНЫЙ РАДОСТИ

В Костанайском регионе отпраздновали Всемирный день защиты детей.



Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай

Организовали его для детей железнодорожников работники первичных профсоюзных организаций железнодорожных предприятий Костанайского региона.

Как сообщила главный эксперт Костанайского филиала АО «Казахстанский отраслевой профсоюз работников железнодорожного, автомобильного воздушного и водного транспорта» Жанат Аманбаева, в связи с пандемией коронавирусной инфекции и запретом проведения массовых мероприятий данный праздник проводился, в основном, в онлайн-формате.

Дети железнодорожников принимали активное участие в онлайн-конкурсах детских рисунков, танцев и фотоколлажей на тему «Счастливые моменты детства». Работы детей выставляются в социальных сетях Инстаграм, в мессенджере

WhatsApp в групповых чатах.

Также на предприятиях были созданы комиссии из числа работников, представителей профсоюза, которые проводят отбор лучших конкурсных работ. По итогам дети будут отмечены призами, им вручат грамоты, игрушки, сладости, книги т.д. Помимо этого, по словам Жанат Аманбаевой, первичная профсоюзная организация Костанайского отделения ГП филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» для 31 ребенка с ограниченными возможностями приобрела сладости и игрушки.

– Этот праздник активно поддерживается в первичных профсоюзных организациях железнодорожных предприятий Костанайского региона, – говорит она. – Цель данных мероприятий – привлечь внимание взрослых к соблюдению прав детей на свободу мнения, образования, защиты от насилия и права на жизнь, сделать детство наших детей счастливым.

Фото автора

БАЛАЛАРҒА БАЗАРЛЫҚ...

Халықаралық балаларды қорғау күні Қызылорда белгі беру және байланыс дистанциясының басшылығы мен кәсіподақ ұйымы бүлдіршіндерді тосын-сыймен қуантты.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

Мерекелік тарту Облыстық халық шығармашылығын дамыту орталығында өнерпаз-аниматорлардың өнерін тамашалаумен басталып, орталықтың саябағында жалғасты. Қызылорда бөлімшесінің станциялары мен бекеттерінен жиналған бүлдіршіндер облыс өнерпаздары әзірлеген ертегілер топтамасы мен әртүрлі сергіту ойындарын тамашалады. Келесі кезекте саябақ ауласында топ-топқа бөлініп өз өнерлерін көрсетіп, ән салып, би биледі, асфальтқа сурет салып жарысты. Өнерлі өрендер дистанция кәсіподағы ұйымы атынан әзірленген сыйлық-ойыншықтарға



қарық болды. Саябақтағы көңілді серуен соңында барлық бала жылылып, субұрқақ маңында суретке түсті.

– Халықаралық балаларды қорғау күніне арналып ұйымдастырылған шараға 70 бала шақырылды. Мүмкіндігінше, станцияларда тұратын көп балалы отбасының бүлдіршіндерін қамтуға күш салдық. Балалардың қуанышын еселеуге үлес қосқан кәсіподақ белсенділеріне, ата-аналарға, әсіресе Валера Модинге, сонау Жаңақорған

станциясынан келген көп балалы Бақытжан Рзаевқа, Нұрлыбек Елемесовке, алты балалы Нұрболат Мырзахметовке, жалпы дистанция теміржолшыларына алғыс айтамын, – деді дистанцияның кәсіподақ ұйымының төрайымы Галия Қожахметова.

Балаларының қуанышына куә болып, бірге қуанған ата-аналар осындай мереке ұйымдастырған ұжым мен кәсіподаққа алғыс айтты.

Суретті түсірген автор

Ақтөбе жол дистанциясының кәсіподақ ұйымы мүгедектігі бар ерекше бала тәрбиелеп отырған теміржолшылардың шаңырағында болды. Құттықтауға келген аниматорлар мен тәтті толы себеттер бүлдіршіндерді шатыққа бөледі.

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе

Үш жүзден аса қызметкері бар Ақтөбе жол дистанциясы ұжымында бес отбасы мүгедек бала тәрбиелеп отыр. Оның үшеуі көмелеттік жасқа толмаған. Дистанция қызметкерлері мүмкіндігін шектеулі бала тәрбиелеп отырған әріптестерінің балаларын қуантуды жоспарлап, тәтті салынған себет, көңілді аниматор, балаларға киім дүкеніне сертификат ұсынды.

«Қатарларыңмен ойнап-қулап өсіңдер, ешқашан ауырмаңдар, біз сендердің ел мақтанышы болатындарыңа сенеміз. Көк аспанымыз әрдайым ашық болып, жүздеріңнен



күлкі кетпесін», – деп тілек білдірді Ақтөбе жол дистанциясы кәсіподақ төрағасы Елжан Жұмабаев.

Дистанция қызметкерлері қуантқан бүлдіршіндердің қатарында жол бригадирі Жандос Шүйіншібаевтың 9 жасар қызы Жанат Сейітжанова, жол бригадирі Рустам Шалабаевтың ұлы Азат Жангелдин және жол монтері Ахмет Құлымовтың 7 жасар ұлы Әлі болды. Жалпы, бұл күні дистанция теміржолшыларының ешбір баласы сыйлықсыз қалған жоқ.

Суретті түсірген автор

Атырау өңірі темір жолындағы кәсіподақ ұйымдары балалар мейрамды сезінуі үшін халықаралық балалар күніне орай бірқатар шаралар ұйымдастырды.

Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау

Атап айтқанда, сурет салу, фотосайыс, викториналар, басқа да ойындар ойнатылды. Кәсіподақ өкілдері сондай-ақ станциялар мен развездерде тұратын 5-6 баласы бар, мүгедек балалары бар отбасыларына барып, сыйлықтар, егіз балалары барларға қосарба табыс етті. Солардың бірі – Сағыз станциясында жол монтері болып жұмыс жасайтын Егізбаев Қалыбай отбасы. Бұл отбасында 14 мамыр күні үшінші егіздер дүниеге келітті. Бүгінде отбасында 7 бала болса, соның алтауы егіздер. «Біз үшін балалар мерекесі – ерекше қуаныш. Баланың қуанғанына не жетсін! Біздің отбасын елеп-ескеріп жатқан кәсіподаққа рахмет айтамыз» дейді Қ.Егізбаев. Балаларға доп, шар, ракетка, т.б. көптеген ойыншықтар сыйға беріліп, олар үлкендердің мейірімі мен қамқорлығын сезінді.

Суретті түсірген автор

ДОЛЖНЫ СМЕЯТЬСЯ ДЕТИ

Международный день защиты детей в этом году прошел чуть более оживленно, чем обычно. Карантинные мероприятия в ЗКО продолжают с небольшими послаблениями. Однако юные западноказахстанцы, чьи родители работают на железной дороге, получили свои подарки от профсоюзных организаций.

Анна МАРЬИНА,
Уральск

Профкомы предприятий Актобинского отделения ГП по Уральскому региону посетили на дому 11 многодетных семей и 5 детей с ограниченными возможностями. Провели онлайн-конкурс рисунков на свободную тему, в котором принял участие 31 ребенок. Дети

рисовали солнце, раду, мам и пап, работающих на железной дороге. Все получили в подарок сладости и ценный приз.

В качестве призов организаторы праздника – профгор по Уральскому региону Едил Альпесоков и председатель цехкомов Уральского эксплуатационного локомотивного депо Булат Журмухамедов и Уральского эксплуатационного



вагонного депо Махамбет Альменев – приобрели настольные игры, наборы для творчества, спортивный инвентарь, развивающие игрушки, которые вручались с учетом возраста и интересов детишек.

Предприятия Актобинского отделения магистральной сети по Уральскому региону подошли к организации празд-

ника индивидуально. Например, в Уральской дистанции пути 32 ребенка получили в подарок настольные развивающие игры, спортивный инвентарь и наборы для творчества.

В Уральской дистанции сигнализации и связи на переход ЗКО «желтую зону» отреагировали оперативно и провели конкурс рисунков очно, тут же вручая подарки его участникам – более 30 человек пришли с мамами и папами на праздник. Кроме того, 5 многодетных семей и 5 семей с детьми-инвалидами получили подарки и материальную помощь. В остальных менее многочисленных предприятиях региона оказана материальная помощь многодетным семьям и семьям с детьми-инвалидами согласно Коллективному договору.

Фото автора

БАЛА ҚИЯЛЫНДА ШЕК ЖОҚ

Семей ЖТ бөлімшесі қызметкерлерінің балалары кәсіподақ ұйымы ұйымдастырған «Тоқта, коронавирус!» атты сурет байқауына белсенді түрде қатысты. Халықаралық балаларды қорғау күніне орай өткен байқау бала қиялында шек жоқ екенін байқатты.

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Бұл тақырыпты таңдаудағы мақсат – балғындардың жұқпалы індет жөніндегі түсініктерін кеңейтіп, сақтық шараларын арттыру бойынша өзіндік білік-дағдыларын қалыптастыру, сонымен қатар қиялдарын ұштай отырып, көркемдікке, сурет өнеріне құлшыныстарын арттыру болатын. Осы орайда теміржол мекемелеріндегі кәсіподақ ұйымдары жетекшілерінің белсенді жұмысының нәтижесі болса



керек, жалпы саны жүзден аса еңбек келіп түсіпті. Қазылар алқасы барлық суреттерді мұқият көріп, әділ бағасын беру үшін бір-шама күш жұмсаған.

– Суреттер де тақырыбы бір болғанымен, әралуандығымен ерекшеленді. Бала көңілінде жасандық болмайды. Олардың балаң қиялдарынан туған көркем кескіндемелеріне қарап отыра, әлемдік пандемия туралы ішкі түсінік-танымдарын да аңғардық, – дейді аталмыш шараны ұйымдастырушылардың бірі Зульфия Еникеева.

Байқау бірнеше жас аралығында өтіп, жеңімпаздар марапатталды. Әсіресе, 7-10 жас аралығындағы топ бойынша белсене қатысқан балғындар өте көп екен. Карантиндік шектеулерге байланысты әрбір мекемедегі салалық кәсіподақ ұйымдары жетекшілері кішкентай өнерпаздарға мадақтама қағаздары мен ақшалай сыйлықтарды өздері апарып тарту етті. Бас жүлдені жеңіп алғандар 5 мың теңгеге ие болды.

Суретті түсірген автор



Бас редактор

Дина Муздубаева

Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова



Бас редактор

Дина Муздубаева

Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

Газет басылатын қалалар:
Нур-Султан, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұл көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

Басылымның таралымы 20 000

Газет сейсенбі, жұма күндері шығады.

Газет шығару және тарату қызметімен
«Қазақстандық салалық теміржол,

автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады.
© «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.
Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Кезекші редакторлар:
Р. Рахметов, С. Бакесова

Меншікті тілшілер:

Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосұйым Мұқашев 8-778-946-09-66
Шымкент: Жансая Сыдықбай 8-707-390-17-18
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Жамбыл: Асқат Райқұлов 8-700-330-01-53
Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабырхан Надірбаев 8-778-409-78-59
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76
Костанай: Аслан Кудабаяев 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдаң Ертай 8-747-535-21-58
Ақтөбе: Ардақ Ерубаяев 8-702-843-27-97
Көкшетау: Надежда Новицкая 8-701-854-38-27

Редакцияның мекен-жайы:
Нур-Сұлтан қ., Д.Қонаев көшесі 6.

Газетті тарату жөніндегі менеджер
Асель Распаева,
тел.: 8 775 198 15 61,
e-mail: raspayeva.assel@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу күнелі берілді.